

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 6 шілдедегі N 935 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 1 ақпан N 153. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.08.07. N 883 қаулысымен. ~P020883

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі комиссияның жұмысын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 6 шілдедегі N 935 P990935_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 34, 298-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің

жанындағы Шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі комиссия туралы ереже:

10-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Комиссияның құрамына мемлекеттік органдардан мемлекеттік органның бірінші басшысының орынбасары деңгейінде мәртебесі бар өкілдер енгізіледі, қоғамдық бірлестіктерден шағын кәсіпкерлік субъектілерін саны кемінде үштен бірін құрайтын республикалық қоғамдық бірлестіктердің өкілдері енгізіледі.";

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК